



Есепті жыл ішіндегі жалпы елдегі прогресс индекcін есептеу әдістемесін және Бағаланатын мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігіне жыл сайынғы бағалау жүргізу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысының 2020 жылғы 29 қаңтардағы № 20-01-38.3 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 ақпанда № 19983 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 65-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Есепті жыл ішіндегі жалпы елдегі прогресс индекcін есептеу әдістемесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Бағаланатын мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігіне жыл сайынғы бағалау жүргізу әдістемесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Стратегиялық жоспарлау бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық орталық және жергілікті мемлекеттік органдар басшыларының назарына жеткізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Т.М. Сүлейменовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігінің Басшысы*

Е. Қошанов

Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігі
Басшысының
2020 жылғы 29 қаңтардағы
№ 20-01-38.3 бұйрығына
1-Қосымша

Есепті жыл ішіндегі жалпы елдегі прогресс индекcін есептеу ӘДІСТЕМЕСІ

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 20.12.2021 № 21-01-38.46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Есепті жыл ішіндегі жалпы елдегі прогресс индекcін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына сәйкес әзірленді.

2. Әдістеме жалпы ережелерді, қағидаттарды, дереккөздерді, ақпаратты жинау мен қалыптастыруды, сондай-ақ жалпы елдегі прогресс индекcін жыл сайынғы бағалауды есептеу әдіcін белгілейді.

3. Жалпы елдегі прогресс индекcін есептеудің мақсаты Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (бұдан әрі – ЭЫДҰ) мүше елдерге қатысты Қазақстан Республикасының белгілі бір кезең ішіндегі даму прогресін, сондай-ақ базалық жылға қатысты Қазақстан Республикасының белгілі бір кезең ішіндегі даму прогресін бағалау болып табылады.

4. Осы Әдістемеді мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) прогресс индекcі – көрсеткішке нақты қол жеткізудегі өзгерістің серпінін сипаттайтын сандық өлшенетін көрсеткіш;

2) көрсеткіштің оң серпіні – көрсеткіштің ең жоғары мәні рейтингтегі ең жоғары позицияға сәйкес келеді (оң көрсеткіш);

3) көрсеткіштің теріс серпіні – көрсеткіштің ең жоғары мәні рейтингтегі ең төменгі позицияға сәйкес келеді (теріс көрсеткіш);

4) индекстердің шекті жол берілетін мәндері – егер есептеу нәтижесінде индекcтің мәні 0 (нөлден) аз болған жағдайда, онда мемлекеттік органдар үшін есепке индекcтің ең төменгі жол берілетін мәні – 0 (нөл) пайдаланылады; егер индекcтің мәні 200-ден (екі жүзден) асқан жағдайда, онда мемлекеттік органдар үшін есепке индекcтің ең жоғары жол берілетін мәні – 200 (екі жүз) пайдаланылады;

5) базалық жыл – есепті болып табылатын кейінгі жылдардың, кезеңдердің есептік көрсеткіштерін салыстыру үшін келтірілетін жыл, кезең.

5. Жалпы елдегі прогресс индекcін есептеудің негізгі қағидаттары:

1) заңдылық қағидаты – бағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте жүргізу;

2) объективтілік қағидаты – жан-жақты және толық тәуелсіз бағалау жүргізу, мүдделер қақтығысын болдырмау;

3) анықтық қағидаты – бағалаудың нәтижелерін тиісті құжаттармен растау;

4) ашықтық қағидаты – ақпарат көздерінің шыққан жерін тексеру мүмкіндігі болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресс индексі есептеу нәтижелілікті бағалаудың бір бөлігі болып табылады және оны Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымын (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палатаның ведомстволық бағынысты ұйымы) тарта отырып, оның әдіснамалық, талдамалық және ұйымдастырушылық сүйемелдеуі кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүргізеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жалпы елдегі прогресс индексі есептеу ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда халықаралық рейтингтердің нәтижелері бойынша, сондай-ақ базалық жылға қатысты Қазақстан Республикасының белгілі бір кезең ішіндегі даму прогресін айқындау бойынша жүзеге асырылады.

8. Бағалау жүргізу кезінде қажетті ұлттық және халықаралық деректер болмаған жағдайда, өткен кезеңдегі мәндері қолданылады.

2-тарау. Жалпы елдегі индексті есептеу үшін ақпарат көздері, оны жинау мен қалыптастыру

9. Ұлттық және халықаралық көрсеткіштер бойынша деректерді жинау мен қалыптастыруды Жоғары аудиторлық палатаның ведомстволық бағынысты ұйымы жүзеге асырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Жалпы елдегі прогресс индексіне есептеу жүргізу үшін ақпарат көздері ресми статистикалық ақпарат, әкімшілік деректер, халықаралық рейтингтердің, қаржы институттарының, мемлекетаралық бірлестіктердің және басқа да зерттеу құрылымдарының (болған жағдайда) көрсеткіштері болып табылады.

3-тарау. ЭЫДҰ елдеріне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресс индексі есептеу әдісі

11. ЭЫДҰ елдеріне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресс индексі есептеу сандық (статистикалық) көрсеткіштерге негізделеді және мынадай жолмен жүзеге асырылады:

1) есепті кезеңдегі әрбір көрсеткіш бойынша ЭЫДҰ елдері үшін орташа арифметикалық мәні есептеледі;

2) ЭЫДҰ елдері үшін орташа арифметикалық мәнмен (100 деп алынады) Қазақстан Республикасы қол жеткізген мәнге салыстыру жүргізіледі;

3) есепті кезеңде Қазақстан Республикасы қол жеткізген барлық көрсеткіш бойынша индекстердің орташа арифметикалық мәні есептеледі.

12. ЭЫДҰ елдеріне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің қорытынды индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$W = \frac{\sum Q_i + \sum R_i}{m},$$

мұнда:

W– барлық көрсеткіш бойынша ЭЫДҰ елдеріне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің қорытынды индексі;

Q_i– і оң көрсеткішінің ЭЫДҰ елдеріне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің индексі;

R_i– і теріс көрсеткішінің ЭЫДҰ елдеріне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің индексі;

m – көрсеткіштер саны.

i оң көрсеткішінің ЭЫДҰ елдеріне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Q_i = 100 * \frac{q_{i,kz}}{q_{m,oezd}},$$

мұнда:

q_{i,kz}– есепті кезеңдегі Қазақстан Республикасының i оң көрсеткішінің көрсеткіші;

q_{m,oezd}– есепті кезеңдегі ЭЫДҰ елдерінің i оң көрсеткішінің орташаланған көрсеткіші.

ЭЫДҰ елдерінің i оң көрсеткішінің орташаланған көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі:

$$q_{m,oezd} = \frac{\sum q_{i,oezd}}{n},$$

мұнда:

q_{i,oezd}– есепті кезеңдегі ЭЫДҰ елдерінің әрбірінің i оң көрсеткішінің көрсеткіші;

n– ЭЫДҰ елдерінің саны.

i теріс көрсеткішінің ЭЫДҰ елдеріне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_i = 100 * \frac{r_{m,oeed}}{r_{i,kz}},$$

мұнда:

$r_{m,oeed}$ – есепті кезеңдегі ЭЫДҰ елдерінің i теріс көрсеткішінің орташаланған көрсеткіші;

$r_{i,kz}$ – есепті кезеңдегі Қазақстан Республикасының i теріс көрсеткішінің көрсеткіші.

ЭЫДҰ елдерінің i теріс көрсеткішінің орташаланған көрсеткіші мынадай формула бойынша есептеледі:

$$r_{m,oeed} = \frac{\sum r_{i,oeed}}{n},$$

мұнда:

$r_{i,oeed}$ – есепті кезеңдегі ЭЫДҰ елдерінің әрбірінің i теріс көрсеткішінің көрсеткіші.

W ЭЫДҰ елдерінің орташаланған даму көрсеткішіне қатысты Қазақстан Республикасының позициясын сипаттайды. Сәйкесінше, W 100%-ға неғұрлым жақын болса, Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресі соғұрлым жоғары және ЭЫДҰ елдерінен артта қалуы аз болып келеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Базалық кезеңге қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресс индексі есептеу әдісі

13. Базалық жылға қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресс индексі есептеу сандық (статистикалық) көрсеткіштерге негізделеді және мынадай жолмен жүзеге асырылады:

1) есепті кезеңдегі әрбір көрсеткіш бойынша базалық жылдың мәнімен (100 деп алынады) Қазақстан Республикасы үшін мәнге (индекске) салыстыру жүргізіледі;

2) есепті кезеңде Қазақстан Республикасы қол жеткізген барлық индикатор бойынша индекстердің орташа арифметикалық мәні табылады.

14. Жалпы елдегі прогресс индексіне бағалау жүргізу үшін базалық кезең 2016 жыл болып табылады.

15. Базалық кезеңге қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің қорытынды индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$U = \frac{\sum S_i + \sum V_i}{m},$$

мұнда:

U – базалық кезеңге қатысты барлық көрсеткіш бойынша Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің қорытынды индексі;

S_i – i оң көрсеткішінің базалық кезеңіне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің индексі;

V_i – i теріс көрсеткішінің базалық кезеңіне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің индексі.

Неғұрлым жоғары U мәні Қазақстан Республикасының базалық бағалау кезеңге қатысты соғұрлым жоғары даму деңгейін көрсетеді.

16. i оң көрсеткішінің базалық кезеңіне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S_i = 100 * \frac{S_{i,t}}{S_{i,base}},$$

мұнда:

$S_{i,t}$ – есепті кезеңдегі Қазақстан Республикасының i оң көрсеткішінің көрсеткіші;

$S_{i,base}$ – базалық кезеңдегі Қазақстан Республикасының i оң көрсеткішінің көрсеткіші.

17. i теріс көрсеткіштің базалық кезеңіне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресінің индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V_i = 100 + \left(100 - 100 * \frac{v_{i,t}}{v_{i,base}} \right).$$

мұнда:

V_i – i теріс көрсеткіштің базалық кезеңіне қатысты Қазақстан Республикасының жалпы елдегі прогресс индексі;

$v_{i,t}$

– t есепті кезеңдегі Қазақстан Республикасының i теріс көрсеткішінің көрсеткіші;

$v_{i,base}$

– базалық кезең ішіндегі Қазақстан Республикасының і теріс көрсеткішінің көрсеткіші.

Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігі
Басшысының
2020 жылғы 29 қаңтардағы
№ 20-01-38.3 бұйрығына
2-Қосымша

Бағаланатын мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігіне жыл сайынғы бағалау жүргізу ӘДІСТЕМЕСІ

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 20.12.2021 № 21-01-38.46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бағаланатын мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілігіне жыл сайынғы бағалау жүргізу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына (бұдан әрі – Бағалау жүйесі) сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Әдістеме бағаланатын орталық мемлекеттік және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің нәтижелілігін жыл сайынғы бағалаудың (бұдан әрі – нәтижелілікті бағалау) жалпы ережелерін, қағидаттарын, ақпарат көздерін, ақпаратты жинау мен қалыптастыруды, сондай-ақ есептеу әдісін белгілейді.

3. Нәтижелілікті бағалау орталық мемлекеттік және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) қызметінің қорытындылары бойынша қалыптастырылады.

4. Нәтижелілікті бағалаудың мақсаты мемлекеттік органның және тиісінше оның басшылығының бекітілген қызмет бағыттары бойынша жұмысының тиімділігін айқындау болып табылады.

5. Осы Әдістемеді мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) қызмет нәтижелілігінің индексі – нақты қол жеткізілген нәтижелердің сандық өлшенетін көрсеткіші / нақты көрсеткіштерге қол жеткізудегі өзгерістің серпінін сипаттайтын сандық өлшенетін көрсеткіш;

2) көрсеткіштің оң серпіні – көрсеткіштің неғұрлым жоғары мәні рейтингте соғұрлым жоғары позицияға сәйкес келеді (оң көрсеткіш);

3) көрсеткіштің теріс серпіні – көрсеткіштің неғұрлым жоғары мәні рейтингте соғұрлым төмен позицияға сәйкес келеді (теріс көрсеткіш);

4) индекстердің шекті жол берілетін мәндері – егер есептеу нәтижесінде индекстің мәні 0-ден (нөлден) аз болған жағдайда, онда мемлекеттік органдар үшін есепке индекстің ең төмен жол берілетін мәні – 0 (нөл) алынады; егер индекстің мәні 200-ден (екі жүзден) асқан жағдайда, онда мемлекеттік органдар үшін есепке индекстің ең жоғары жол берілетін мәні – 200 (екі жүз) алынады.

6. Нәтижелілікті бағалаудың негізгі қағидаттары:

1) заңдылық қағидаты – бағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкес жүргізу;

2) объективтілік қағидаты – жан-жақты және толық тәуелсіз бағалау жүргізу, мүдделер қақтығысын болдырмау;

3) анықтық қағидаты – бағалаудың нәтижелерін тиісті құжаттармен растау;

4) ашықтық қағидаты – ақпарат көздерінің шыққан жерін тексеру мүмкіндігі.

7. Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымын (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палатаның ведомстволық бағынысты ұйымы) тарта отырып, оның әдіснамалық, талдамалық және ұйымдастырушылық сүйемелдеуі кезінде нәтижелілікті бағалауды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүргізеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Нәтижелілікті бағалау өткен кезеңге қатысты мемлекеттік органның даму нәтижелілігін айқындау үшін өткен кезеңге қатысты бағаланатын кезеңнің сандық (статистикалық) және сапалық (сауалнамалық) көрсеткіштерінің нақты мәндерінің индекстерін есептеуді қамтиды.

8-1. Нәтижелілікті бағалау Бағалау жүйесінің 67-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бұйрығымен бекітілетін Бағаланатын мемлекеттік органдар нәтижелілігінің түйінді көрсеткіштерінің тізбесі (бұдан әрі – Көрсеткіштер тізбесі) бойынша жүргізіледі.

Жергілікті атқарушы органдардың нәтижелілігін бағалау кезінде "Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингі және оның қорытындылары бойынша арнайы сыйлық беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № 590 Жарлығына сәйкес жыл сайын жүргізілетін Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингінің (бұдан әрі – Рейтинг) сауалнамалық және статистикалық деректері қосымша пайдаланылады.

Бұл ретте Рейтингтің сауалнамалық және статистикалық деректері бойынша нәтижелілік индекстерін есептеу осы Әдістеменің 3-тарауына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Нәтижелілікті бағалау үшін ақпарат көздері, оны жинау мен қалыптастыру

9. Ұлттық және халықаралық көрсеткіштер бойынша деректерді жинау мен қалыптастыруды Жоғары аудиторлық палатаның ведомстволық бағынысты ұйымы жүзеге асырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Нәтижелілікке бағалау жүргізу үшін ақпарат көздері ресми статистикалық ақпарат, әкімшілік деректер, халыққа әлеуметтік сауалнама жүргізу нәтижелері, халықаралық рейтингтің деректері болып табылады.

11. Әкімшілік сандық және сапалық деректерді мемлекеттік органдар Жоғары аудиторлық палатаның ведомстволық бағынысты ұйымына есепті (күнтізбелік) жыл қорытындысы бойынша қағаз түрінде ("қызмет бабында пайдалану үшін" немесе "күпия" грифі бар деректер ұсынылған жағдайда) және электрондық түрде ұсынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Деректер мемлекеттік органдардың ресми сайттарында орналастырылған жағдайда Жоғары аудиторлық палатаның ведомстволық бағынысты ұйымы қажетті ақпаратты жинауды, жүйелеуді және өңдеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жүргізілген тәуелсіз әлеуметтік зерттеулер нәтижелері туралы мәліметтер Жоғары аудиторлық палатаның ведомстволық бағынысты ұйымына жылына 2 (екі) рет (жыл сайын 1 маусым мен 1 қазанға қарай):

1) есепті жылдан кейінгі жылдың сәуір – мамыр айларында жүргізілген сауалнамалардың қорытындысы бойынша;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың тамыз – қыркүйек айларында жүргізілген сауалнамалардың қорытындысы бойынша қағаз және электрондық түрде ұсынылады.

Бұл ретте бірінші әлеуметтік зерттеудің нәтижелері есепті жылғы нәтижелілікті бағалау қорытындысын шығару үшін – шілде айында, екінші әлеуметтік зерттеудің

нәтижелері есепті жылдан кейінгі жылғы алдын ала (аралық) бағалау қорытындысын шығару үшін желтоқсан айында қолданылады.

Жүргізілген тәуелсіз әлеуметтік зерттеудің әрбір нәтижесі бойынша репрезентативтік іріктеме кемінде 15 000 (он бес мың) респондентті құрайды (18 (он сегіз) жастағы және одан асқан тұрғындар).

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Жыл сайынғы бағалауды жүргізу кезінде қажетті ресми статистикалық ақпарат, сондай-ақ әкімшілік және халықаралық деректер болмаған жағдайда есепке өткен кезеңдегі мәндер қолданылады.

15. Уақтылы, толық және анық ақпаратты ұсынуды:

1) ресми статистикалық деректер бойынша – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті;

2) тәуелсіз әлеуметтік зерттеулер бойынша – Жоғары аудиторлық палатаның ведомстволық бағынысты ұйымы;

3) әкімшілік деректер бойынша – тиісті әкімшілік ақпаратты қалыптастыратын мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелілік индексін есептеу әдісі

16. Мемлекеттік органдардың нәтижелілік индексін (бұдан әрі – нәтижелілік индексі) есептеу сандық (статистикалық) және сапалық (сауалнамалық) көрсеткіштерге негізделеді және мынадай жолмен жүзеге асырылады:

1) статистикалық көрсеткіштер арқылы:

Әрбір мемлекеттік орган үшін есепті жыл ішіндегі көрсеткіштердің мәндері өткен жылдың көрсеткіштері мәндерімен салыстырылады.

Егер серпін өткен кезең ішіндегі қандай да бір көрсеткіш бойынша өткен кезеңнің алдындағы кезеңге қатысты теріс болған жағдайда, онда есеп үшін ағымдағы және өткен кезеңдер арасындағы, сондай-ақ өткен мен оның алдындағы кезең арасындағы модуль бойынша мәндердің айырмашылығы есепке алынады.

Әрбір мемлекеттік орган үшін есепті кезеңде қол жеткізілген барлық көрсеткіш бойынша индекстердің орташа арифметикалық мәні есептеледі;

2) сауалнама көрсеткіштері арқылы:

Әрбір мемлекеттік орган үшін есепті жылдағы көрсеткіштердің мәндері өткен жылдың көрсеткіштерінің мәндеріне қатысты салыстырылады.

Әрбір мемлекеттік орган үшін есепті кезеңде қол жеткізілген барлық көрсеткіш бойынша индекстердің орташа арифметикалық мәні есептеледі.

17. Бағаланатын мемлекеттік орган ықпал ете алмайтын объективті себептер бойынша көрсеткіштер нашарлаған кезде, аталған мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің бағалауға жауапты құрылымдық бөлімшесіне тиісті көрсеткіштерді алып тастау және алдыңғы кезеңдегі деректерді пайдалану туралы ұсыныстар енгізеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі бағаланатын мемлекеттік орган енгізген ақпаратты қарап, қорытынды әзірлейді және оны шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысына жолдайды.

18. Белгілі бір мемлекеттік орган қызметінің нәтижелілігін бағалау мынадай формула бойынша есептеледі:

$$I = G * (1 + (S - 1) * \Omega),$$

мұнда:

I – белгілі бір мемлекеттік органның барлық көрсеткіші бойынша нәтижелілігінің қорытынды индексі;

G – белгілі бір мемлекеттік органның барлық оң және теріс көрсеткіші бойынша нәтижелілігінің индексі;

S – белгілі бір мемлекеттік органның барлық сауалнамалық көрсеткіші бойынша нәтижелілігінің индексі;

W – сауалнамалық көрсеткіштер мәнділігінің төмендеткіш коэффициенті (0,3-ке тең деп қабылданады).

19. Белгілі бір мемлекеттік органның барлық оң және теріс көрсеткіштері бойынша нәтижелілік индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$G = \frac{\sum k_i * A_i + \sum k_i * B_i}{\sum k_i},$$

мұнда:

A_i – белгілі бір мемлекеттік органның i оң көрсеткішінің нәтижелілік индексі;

B_i – белгілі бір мемлекеттік органның i теріс көрсеткішінің нәтижелілік индексі;

k_i – Көрсеткіштер тізбесіне сәйкес мемлекеттік органның i көрсеткішіне қол жеткізуіне ықпал ету коэффициенті.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысының 06.05.2023 № 23-01-38.22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Белгілі бір мемлекеттік органның барлық сауалнамалық көрсеткіші бойынша нәтижелілік индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = \frac{\frac{\sum k_i \cdot O_i}{\sum k_i}}{100},$$

мұнда:

O_i – белгілі бір мемлекеттік органның i сауалнамалық көрсеткішінің нәтижелілік индексі.

21. Әрбір нақты мемлекеттік органның i көрсеткішінің нәтижелілік индексі мынадай формула бойынша есептеледі (жағдайларға байланысты).

1-жағдай.

Оң көрсеткіштер үшін:

$$X_{i,t-1} \geq X_{i,t-2}$$

(мемлекеттік органның өткен кезең ішіндегі i оң көрсеткішінің көрсеткіші мемлекеттік органның өткен кезеңнің алдындағы кезеңнің i оң көрсеткішінің көрсеткішінен көп немесе соған тең болса).

$$A_i = 100 * \frac{x_{i,t}}{x_{i,t-1}},$$

Теріс көрсеткіштер үшін:

$$X_{i,t-1}^* \leq X_{i,t-2}^*$$

(мемлекеттік органның өткен кезеңдегі i теріс көрсеткішінің көрсеткіші мемлекеттік органның өткен кезеңнің алдындағы кезеңнің i теріс көрсеткішінің көрсеткішінен аз немесе соған тең болса).

$$B_i = 100 + \left(100 - 100 * \frac{x_{i,t}^*}{x_{i,t-1}^*} \right).$$

мұнда:

$X_{i,t}$ – белгілі бір мемлекеттік органның t есепті кезең ішіндегі i оң көрсеткішінің көрсеткіші;

$X_{i,t-1}$ – белгілі бір мемлекеттік органның (t-1) өткен кезең ішіндегі і оң көрсеткішінің көрсеткіші;

$X_{i,t-2}$ – белгілі бір мемлекеттік органның (t-2) өткен кезеңнің алдындағы жыл ішіндегі і оң көрсеткішінің көрсеткіші;

$$X_{i,t}^*$$

– белгілі бір мемлекеттік органның t есепті кезеңдегі і теріс көрсеткішінің көрсеткіші;

$$X_{i,t-1}^*$$

– белгілі бір мемлекеттік органның (t-1) өткен кезең ішіндегі і теріс көрсеткішінің көрсеткіші;

$$X_{i,t-2}^*$$

– белгілі бір мемлекеттік органның (t-2) өткен кезеңнің алдындағы жылғы і теріс көрсеткішінің көрсеткіші.

2-жағдай.

Оң көрсеткіштер үшін:

$$X_{i,t-1} < X_{i,t-2}$$

(мемлекеттік органның өткен кезең ішіндегі і оң көрсеткішінің көрсеткіші мемлекеттік органның өткен кезеңнің алдындағы кезең ішіндегі і оң көрсеткішінің көрсеткішінен аз болса) және

$$X_{i,t} \leq X_{i,t-1}$$

(мемлекеттік органның есепті кезеңдегі і оң көрсеткішінің көрсеткіші мемлекеттік органның өткен кезең ішіндегі і оң көрсеткішінің көрсеткішінен аз немесе соған тең болса).

$$A_i = 100 * \frac{x_{i,t-1} - (|x_{i,t} - x_{i,t-1}| + |x_{i,t-1} - x_{i,t-2}|)}{x_{i,t-1}},$$

Теріс көрсеткіштер үшін:

$$X_{i,t-1}^* > X_{i,t-2}^*$$

(мемлекеттік органның өткен кезең ішіндегі і теріс көрсеткішінің көрсеткіші мемлекеттік органның өткен кезеңнің алдындағы кезең ішіндегі і теріс көрсеткішінің көрсеткішінен көп болса) және

$$X_{i,t}^* \geq X_{i,t-1}^*$$

(мемлекеттік органның есепті кезеңдегі і теріс көрсеткішінің көрсеткіші мемлекеттік органның өткен кезең ішіндегі і теріс көрсеткішінің көрсеткішінен көп немесе соған тең болса).

$$B_i = 100 + \left(100 - 100 * \frac{x_{i,t-1}^* + (|x_{i,t}^* - x_{i,t-1}^*| + |x_{i,t-1}^* - x_{i,t-2}^*|)}{x_{i,t-1}^*} \right).$$

3-жағдай.

Оң көрсеткіштер үшін:

$$X_{i,t-1} < X_{i,t-2}$$

(мемлекеттік органның өткен кезең ішіндегі і оң көрсеткішінің көрсеткіші мемлекеттік органның өткен кезеңнің алдындағы кезең ішіндегі і оң көрсеткішінің көрсеткішінен аз болса) және

$$X_{i,t} > X_{i,t-1}$$

(мемлекеттік органның есепті кезеңдегі і оң көрсеткішінің көрсеткіші мемлекеттік органның өткен кезең ішіндегі і оң көрсеткішінің көрсеткішінен көп болса).

$$A_i = 100 * \frac{x_{i,t-1} + (|x_{i,t} - x_{i,t-1}| - |x_{i,t-1} - x_{i,t-2}|)}{x_{i,t-1}},$$

Теріс көрсеткіштер үшін:

$$X_{i,t-1}^* > X_{i,t-2}^*$$

(мемлекеттік органның өткен кезең ішіндегі i теріс көрсеткішінің көрсеткіші мемлекеттік органның өткен кезеңнің алдындағы кезең ішіндегі i теріс көрсеткішінің көрсеткішінен көп болса) және

$$x_{i,t}^* < x_{i,t-1}^*$$

(мемлекеттік органның есепті кезеңге арналған i теріс көрсеткішінің көрсеткіші мемлекеттік органның өткен кезең ішіндегі i теріс көрсеткішінің көрсеткішінен аз болса).

$$B_i = 100 + \left(100 - 100 * \frac{x_{i,t-1}^* - (|x_{i,t}^* - x_{i,t-1}^*| - |x_{i,t-1}^* - x_{i,t-2}^*|)}{x_{i,t-1}^*} \right).$$

22. Белгілі бір мемлекеттік органның i сауалнамалық көрсеткішінің нәтижелілік индексі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$O_i = 100 * \frac{x_{i,t}^{**}}{x_{i,t-1}^{**}}.$$

мұнда:

$$x_{i,t}^{**}$$

– белгілі бір мемлекеттік органның t есепті кезеңге арналған i сауалнамалық көрсеткішінің көрсеткіші;

$$x_{i,t-2}^*$$

– белгілі бір мемлекеттік органның $(t-1)$ есепті кезеңдегі i сауалнамалық көрсеткішінің көрсеткіші.

23. Мемлекеттік орган үшін неғұрлым жоғары I көрсеткіші мемлекеттік орган мен оның басшылығының соғұрлым жоғары нәтижелілік дәрежесіне сәйкес келеді. Бұл ретте мемлекеттік органдардың есепті кезеңдегі нәтижелілігі олардың алдыңғы кезеңдегі нәтижелілігімен салыстырылады.

24. Нәтижелілікті бағалау қорытындылары бойынша I -дің мәніне қарай облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының рейтингі қалыптастырылуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК